№ исх: 20-9/1071 дз от:
14.04.2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына
(тізім бойынша)

2020 жылғы 13 наурыздағы № ДЗ-76

Құрметті депутаттар!

Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруға қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Үкімет сыртқы және ішкі нарықтардағы жағдайға жүйелі және жедел мониторинг жүргізуде. Экономика дамуының сценарийлік болжамдары мен тиісті шаралар пакеті әзірленді.

Мемлекеттік бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету бойынша тәсілдер қалыптастырылды, онда өзгелермен қатар, мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде қаржыландыруды жүзеге асыру көзделеді.

Бағаның, әсіресе, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтерге негізсіз өсуін болдырмауға қатысты

Төтенше жағдайды енгізу аясында азық-түлік тауарлары мен медициналық маскаларға сұраныстың күрт өсуі байқалады, бұл осы тауарларға бағаның өсуіне және тапшылығына әкеледі.

Алыпсатарлықтың алдын алу және бағаның өсуін шектеу мақсатында Қазақстан Республикасының халқы мен экономикасының үздіксіз тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті азық-түлік және басқа да тауарларға шекті бағаларды белгілеу тәртібі (бұдан әрі – тәртіп) *(2020 жылғы 21 наурыздағы №133 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы)* бекітілді, оны бұзғаны үшін сауда қызметінің субъектілері әкімшілік заңнамада көзделген жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, уәкілетті органдардың бірлескен бұйрығы қабылданды *(2020 жылғы 3 сәуірдегі № 20299)* және 9 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына шекті бағалар енгізілді.

14.04.2020 Копия электронного документа.

Сонымен қатар, Денсаулық сақтау министрлігі медициналық маскалардың шекті бағасын бекіту жөнінде бұйрық қабылдады *(2020 жылғы 7 сәуірдегі № 20334)* және тауардың бір бірлігіне 118 теңге шекті баға белгіледі.

Қызметкерлердің қысқартылмауын қатаң бақылауға қатысты

Үкімет қызметкерлердің еңбек құқықтарын сақтауға ерекше көңіл бөледі. Жұмыс орындарын сақтау үшін әкімдер, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасында 128 мың меморандум жасалды, оның ішінде 1,7 мыңы – ірі кәсіпорындармен және 126 мыңы орта және шағын кәсіпорындармен жасалды.

Меморандум аясында жұмыс берушілер қызметкерлердің жұмыс орындарын сақтауға міндеттенеді, ал әкімдіктер өндірістік жобаларды іске асыру кезінде оларға жәрдемдеседі.

Жалпы, меморандумдардың міндеттемелерін сақтай отырып 2,3 млн. жұмыскердің жұмыс орнын сақтау көзделуде.

Ағымдағы жағдайда жұмыс орындарын сақтап қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашу да маңызды міндет болып тұр. Осыған байланысты Жұмыспен қамту жол картасы әзірленді, оны жүзеге асыруға шамамен 300 млрд. теңге көзделген.

Бағдарлама жұмыспен қамтамасыз етуге, сондай-ақ өңірлердегі неғұрлым өзекті инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге: әлеуметтік, тұрғын үй-коммуналдық және басқа да объектілерді реконструкциялауға және жөндеуге мүмкіндік береді.

Ұлттық Банктің базалық ставкасын арттыруға қатысты

2020 жылғы 10 наурызда базалық ставканың 12%-ке дейін артуы нарықта үрейдің таралуының алдын алуға әсер етті және нарықтық агенттердің стратегиясына уақтылы түзетулер енгізді, бұл пайда болған инфляциялық тәуекелдерді шектеуге және теңгелік активтердің құнын қорғауға мүмкіндік берді.

Ұлттық Банктің ішкі қаржы нарығындағы жағдайды одан әрі тұрақтандыру үшін қажетті құралдары бар. Қажет болған жағдайда, сыртқы сектор тарапынан теріс салдарды тежеу үшін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлескен және үйлестірілген шаралар қабылданатын болады.

Жалпы, Үкімет пен Ұлттық Банк ел халқының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және Қазақстан экономикасына сыртқы қауіп-қатерлердің салдарын барынша азайту үшін барлық қажетті күш-жігерін жұмсайды.

А. Мамин

Орынд.: Шапошникова Н.
Тел.:74-58-51

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)

на № ДЗ-76 от 13.03.2020 г.

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно реализации антикризисных мер, сообщаем следующее.

Правительством проводится системный и оперативный мониторинг ситуации на внешних и внутренних рынках. Разработаны сценарные прогнозы развития экономики и соответствующий пакет мер.

Сформированы подходы по обеспечению сбалансированности государственного бюджета, которыми, среди прочего, предусматривается осуществление финансирования социальных обязательств государства в полном объеме.

Касательно предотвращения необоснованного роста цен, особенно на социально-значимые товары и услуги

На фоне введения чрезвычайного положения наблюдается резкое увеличение спроса на продовольственные товары и медицинские маски, что приводит к росту цен и дефициту данных товаров.

В целях предотвращения спекуляции и ограничения роста цен утвержден порядок установления предельных цен на продовольственные и другие товары, необходимые для бесперебойного жизнеобеспечения населения и экономики Республики Казахстан *(Постановление Правительства Республики Казахстан от 21 марта 2020 года №133)* (далее – порядок), за нарушение которого субъекты торговой деятельности несут ответственность, предусмотренную административным законодательством. Также принят совместный приказ уполномоченных органов *(№ 20299 от 3 апреля 2020 года)* и установлены предельные цены на 9 социально-значимых продовольственных товаров.

Наряду с этим, Министерством здравоохранения принят приказ *(№ 20334 от 7 апреля 2020 года)* по утверждению предельной цены на медицинские маски и установлена предельная цена в размере 118 тенге за единицу товара.

Касательно жесткого контроля за недопущением сокращения работников

Особое внимание Правительством уделяется соблюдению трудовых прав работников. Для сохранения рабочих мест заключено 128 тыс. меморандумов между акимами, работодателями и профсоюзами, в том числе 1,7 тыс. с

крупными и 126 тыс. со средними и малыми предприятиями.

В рамках меморандумов работодатели обязуются сохранять рабочие места для своих работников, при этом акиматами будет оказано содействие при реализации производственных проектов.

В целом при соблюдении обязательств меморандумов предусматривается сохранение рабочих мест для 2,3 млн. работников.

В текущей ситуации стоит крайне важная задача не только обеспечить сохранение текущих рабочих мест, но и создать новые рабочие места. В этой связи разработана Дорожная карта занятости, на реализацию которой предусмотрено около 300 миллиардов тенге.

Программа позволит обеспечить занятость, а также решить наиболее актуальные инфраструктурные вопросы в регионах: реконструкция и ремонт социальных, жилищно-коммунальных объектов и пр.

Касательно повышения базовой ставки Национального Банка

Повышение 10 марта 2020 года базовой ставки до 12% оказало превентивное воздействие на распространение паники на рынках и внесло своевременные коррективы в стратегии рыночных агентов, что позволило ограничить возникающие инфляционные риски и защитить стоимость тенговых активов.

Национальный Банк располагает необходимыми инструментами для дальнейшей стабилизации ситуации на внутреннем финансовом рынке. При необходимости будут приняты совместные скоординированные с Агентством по регулированию и развитию финансового рынка меры для сдерживания негативных последствий со стороны внешнего сектора.

В целом, Правительством и Национальным Банком прилагаются все необходимые усилия для обеспечения жизнедеятельности населения страны и минимизации последствий внешних вызовов на экономику Казахстана.

А. Мамин

Исп.: Шапошникова Н.
Тел.:74-58-51